


Курстық жұмыс

Тақырыбы: *Тәрбие және балалардың жас ерекшеліктері*

Орындаған: *Жалғасбаева С.С.*



Тақырыптың өзектілігі:

Қазақстан Республикасы өркениетті елдер қатарына қосылу жолында саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен қатар, білім саласындағы басты мәселе – келешек ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениетті, елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл тұрғыда оқушы тұлғасын қалыптастыруда оқу-тәрбие үрдісінің маңызы зор.

Оқу-тәрбие үрдісі – педагогикалық процестің бірлігі. Ал, педагогикалық процесте оқушылардың жас кезеңдері мен дербес ерекшеліктерін есепке алу негізгі мәселе. Тұлға болып одан әрі жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт.

Бұл тұста да оқушылардың жас кезеңдері мен дербес ерекшеліктерін есепке алу маңызды қызмет атқарады.

Баланың болашақта қандай адам болып өсетіндігі мұғалімнің балалармен жүргізетін тәрбие жұмысының мазмұны мен әдісіне де тығыз байланысты. Аталған мазмұн мен әдістерді тиімді қолдану оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.



Зерттеу мақсаты: педагогикалық ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып оқу-тәрбиенің үрдісінде жас ерекшеліктері және оны есепке алу туралы ой-тұжырымдарды жүйелеу, түсінік беру

Зерттеу міндеттері:

- Жас ерекшелігі түсінігіне тоқталу;
- Оқу-тәрбие үрдісінде жас және дербес ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін айқындау;
- Жекелеген жас ерекшеліктеріне сипаттама беру.


Зерттеу объектісі: оқушылардың жас ерекшеліктері.


Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер педагог оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері мен даралық ерекшеліктері және оларды ескеру туралы

терең білімдерін тиімді қолдана білсе өз мақсатына жетеді.

Зерттеудің әдістері:

- тақырып бойынша әдебиеттерді зерттеу;
- бақылау, салыстыру, талдау;
- тәжірибелік жұмыстар;





***Тәрбиенің қоғамдық
құбылыс ретіндегі
маңызы мен
міндеттері***

Тәрбие:

- Педагогикалық мағынада: аға буын жинақтаған тәжірибені жас ұрпақ өкілдеріне өткізу;
- Әлеуметтік мағынада: тәрбиеленушіге ықпал жасау үшін ұйымдастырылған арнайы іс-әрекет.

ТӘРБИЕ – ОРТАҚ МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШ АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТӘРБИЕЛІК ЖҮЙЕ ЖАҒДАЙЫНДА МАҚСАТЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕСС.



Тәрбие – қоғамдық құбылыс

Тәрбие -
қажеттілік

Тәрбие -
мәңгілік

Тәрбие –
халықтық

Тәрбие –
әлеуметтік
тәжірибе

Тәрбие –
тарихи
сипатқа ие

Тәрбие –
күрделі
процесс

Тәрбие –
адамаралық
қатынас

**Оқу мен тәрбие өзара байланысты
екі процесс. Бір уақытта қатар жүріп
отырады.**




Оқу мен тәрбиенің ортақ белгілері:

- ❖ Бірдей әдістер пайдаланылады (түсіндіру, қадағалау және т.б.);
- ❖ Тәрбие процесі өз ішіне оқу элементтерін қамтиды;
- ❖ Оқыту барысында мұғалім оқушыға тәрбиелік ықпал жасайды.



Оқу-тәрбие үрдісінде балалардың жас ерекшелігін ескерудің маңыздылығы





Педагогикадағы балалардың жас ерекшелігі туралы



Жас ерекшеліктері -
белгілі бір өмір
кезеңіне
сәйкес анатомиялық-
физиологиялық және
психикалық сапалар.



Жас ерекшеліктерді есепке алу
педагогикадағы

принциптердің ішіндегі ең негізгісі




1965 жылғы сәуір айында болған симпозиум қабылдаған жас кезеңдері

1	Жаңа туған бала	1 күннен 10 күнге дейін
2	Емшек жасындағы бала	10 күннен 1 жасқа дейін
3	Ерте балалық шақ	1 жастан 3 жасқа дейін
4	Бірінші балалық шақ	4 жастан 7 жасқа дейін
5	Екінші балалық шақ	8 жастан 12 жасқа дейін (ер балалар) 8 жастан 11 жасқа дейін (қыз балалар)
6	Жеткіншектік шақ	13 жастан 16 жасқа дейін (ер балалар) 12 жастан 15 жасқа дейін (қыз балалар)
7	Жасөспірімдік шақ	17 жастан 21 жасқа дейін (ер балалар) 16 жастан 20 жасқа дейін (қыз балалар)
8	Кәмелеттік жастың бірінші кезеңі	22 жастан 35 жасқа дейін (ерлер) 21 жастан 35 жасқа дейін (әйелдер)
9	Кәмелеттік жастың екінші кезеңі	36 жастан 60 жасқа дейін (ерлер) 36 жастан 50 жасқа дейін (әйелдер)
10	Кексе жас	60 жастан 74 жасқа дейін (ерлер) 56 жастан 74 жасқа дейін (әйелдер)
11	Қарттық жас	75 жастан 90 жасқа дейін
12	Ұзақ жасау	90 жас және одан жоғары

Соңғы жылдарғы

өзгерістер:

1	Жаңа туған бала	Туған сәттен 1-2 айға дейін
2	Нәрестелік шақ	1-2 айдан 1 жылға дейін
3	Ерте сәбилік шақ	1 жастан 3 жасқа дейін
4	Мектепке дейінгі балалық шақ	4 жастан 7 жасқа дейін
5	Бастауыш мектеп шағы	7 жастан 11-12 жасқа дейін
6	Жеткіншектік шағы	11-12 жастан 14-15 жасқа дейін
7	Жасөспірімдік шақ	14,5 жастан 17 жасқа дейін



Оқу-тәрбие үрдісінде балалардың жас ерекшелігін ескерудің маңыздылығы



Мектептегі оқу және тәрбие жұмыстарының мазмұны, формалары мен әдістері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жүзеге асырылады. Қажетті шарты, негізгі принципі. Мектепке дейінгі балалық шақ, бастауыш мектеп шағы, жеткіншек және жасөспірімдік шақ кезеңдерінде балалардың өсу, даму және тәрбие барысында болатын кейбір өзгешеліктерін еске ала отырып, мектеп олардың іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруы керек.

Тәрбие процесінде балалардың кейбір теріс қылықтарын байқауға болады.

Бұл олқылықты да мұғалім өз пайдасына шешуіне болады. Ол үшін мұғалім ең алдымен баланың жас және дербес ерекшеліктеріне ден қойып, айрықша зерттеп, тиімді етіп оқу-тәрбие жұмысын іске асырудың әдістері мен тәсілдерін қарастырып, ата-аналарға дер кезінде көмек көрсетеді.

1	Жеткіншектік шақ	Жасөспірімдік шақ
2	Өзін-өзі білімді, тәжірибелі, өз күшімен әрекет жасайтын есейген адаммын деп есептейді. Әлеуметтік белсенді болады.	Отан, қоғам алдында тұрған әлеуметтік-саяси және мемлекеттік міндеттерді шешудегі мәселелерге белсене қатысады.
3	Болымды ықпал жасайтын мектептегі балалар ұйымдары. Жеткіншектерге тәрбие беруде оқушылар ұйымы орасан зор роль атқарады.	Әкімшілік шаралар өте қауіпті, оларды жиі қолдану жақсы нәтиже бермейді. Көбіне олардың іс-әрекеттерін өзбетінше орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау және педагогикалық басшылық жасау керек.
4	1) Ересектікті тежейтін жайлар; 2) Ересектендіретін жайлар;	Сезім, достық қарым-қатынастары жақсы дамиды. Ашықтық, өзара сенім, қайырымдылық бірін-бірі сыйлау, көмек көрсету, т.б.

Практикалық

бөлім

Тақырыбы: Татулық пен келісім бауырластықтың белгісі.

Мақсаты: Еліміздің өсіп-өркендеуіне хал-қадірінше үлес қосып келе жатқан ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу.

Жеткіншектер арасында жағымды қарым-қатынасты

қалыптастыруға бағытталған тренингтер:

Төменде ұсынылатын тренингтер құрылымы, элементтері мен белсенді тыңдау техникалары арқылы жеткіншектердің тиімді қарым-қатынастың тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тренингтер: «Арқамен-арқаға», «Әйнек арқылы», «Кездесу»,

«Жолға жиналған қоржын»,

«Қозғалыстың шеңбер бойында болуы»

Қорытынды:

Ы:

Жас ерекшелікті есепке алу


алу

Нәтижелі оқу-тәрбие үрдісі

Жарнақ
тәрбие

Қоғам
құрылысына
белсенді қатысуға
өзірлеу

Тұлғаны
тәрбиелеу



Жарқын
болашақ

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❖ С.Б.Бабаев, Ж.К.Оналбек. Жалпы педагогика. Алматы. 2006.
- ❖ Ш.Х.Құрманалина, Б.Ж.Мұқанова, Ә.У.Ғалымова, Р.К.Ильясова. Педагогика. Астана. 2007.
- ❖ Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. Алматы. 2000.
- ❖ Ж.Әбиев, С.Б.Бабаев, Аү.Құдиярова. Педагогика. Алматы. «Дарын». 2004.
- ❖ А.В.Петровский. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. Алматы. 1987.
- ❖ М.М.Мұқанов. Жас және педагогикалық психология. Алматы. 1982.
- ❖ Н.Ф.Талызина. Педагогическая психология. Москва. 1998.
- ❖ Р.П.Шер. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік